

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 1509 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 қарашадағы N 208 Жарлығы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е з и д е н т п е н Ү к і м е т а к т і л е р і н і ң
жинағында жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 25-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы N 1509

Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 51, 675-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі туралы ережеде 5-тармақтың 3) тармақшасындағы "қаржылық активтердің және өзге де мүліктің" деген сөздер "шетелдік қаржы құралдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті